



Нуралиева Зейнеп Маликовна

1964 жылы 25 мамырда, Алматы облысы, Панфилов қаласында, жұмысшы отбасында дүниеге келген. Бүгінгі күні үш баланың анасы. Қызы Нургалиева Кайырпану Раисовна, ұлы Кажимуратов Төремурат Раисович, кіші қызы Кажмуратова Назым Раисовна. 1981 жылы орта мектепті бітірді. Орта мектепті бітірген соң, Панфилов аудандық есептеу орталығында оператор болып жұмыс істеді. 1982 жылы жоғарғы оқу орнына түсуіне байланысты жұмыстан босатылды. 1988 жылы Алматы педагогикалық шет тілдері институтының «Ағылшын және неміс тілдері» факультетін бітіріп шықты. Сол студенттік өмірінде Алматы ауыл шаруашылық институтының студенті Нұрғалиев Раиспен кездесіп, 1988 жылы шаңырақ көтерген. Жолдасы — Нұрғалиев Раис Қажымұратович, жоғары білімді, Алматы ауыл шаруашылық институтын (СХИ) бітірген, қазіргі уақытта жеке кәсіпкер. 1988 жылы тамыз айында Шарбақты ЖОББМ-не ағылшын және неміс тілін мұғалімі болып жұмысқа орналасты. 1993 жылдан бастап осы мектепке алғаш ағылшын тілін енгізді. 1995 жылдан бастап ерте кезеңнен оқыту бағдарламасын енгізді. Еңбек жолында аудан, облыс көлемінде түрлі марапаттаулар алды. Ерекше орын алатыны ҚР Білім және Ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. Білім беріп ұшырған шәкірттері әр салада қызмет атқаруда. Бүгінгі күні үш баланың анасы. Қызы Нургалиева Кайырпану Раисовна, ұлы Кажимуратов Төремурат Раисович, кіші қызы Кажмуратова Назым Раисовна. Осы аталған мектепте еңбек жолын бастап, осы жерде қызметін абыроймен атқарып, осы мектептен зейнерлік демалысқа шықты.